

«Ауылым-алтын бесігім»

Кіріспе: Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынамын деген болатын. Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Туған жерге деген сүйіспеншілік Туған елге – Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады,- деп бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің бірі екендігіне айрықша назар аударды.

Негізгі бөлім: «Өмір – кіндік қан тамған жерден басталады» десек, кіндік қаны тамған өсіп-өнген жерін сүю, оның «кешесі» мен «бүгінін» біліп өсу-ата-бабамыздың тереңнен келе жатқан тәрбиелік тағылымы. Өткенін білмеген ұрпақ болашаққа бойлай алмайды делінген халық даналығында. Туған өлкені танып білу ұлттық мәдени, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің ерекшеліктерін өз жерінің, ауылының, аудан өз облысының тарихын жетік білуден басталады. «Біздің қазақ – жер аты, тау атын әмәнда сол ортаның сыр сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай өлкеге барсаңда жапан түзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», - дейді ұлтымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов. Өз өлкеміздегі топонимикалық атауларға зер салып қарасақ қызықты мәліметтерді көруімізге болады. Көптеген атаулар сол кездегі тарихи оқиғалармен, халықтың мұрат-мақсатымен байланыстырылып қойылған. Өзім туып өскен ауылымның өзіндік тарихи шежіресі әріден бастау алады.

Ауылдың Жетіарал деп аталу себебі қазіргі Қандысу (Шорға – Ертіс алабындағы өзен. Ұзындығы 121 км, су жиналатын алабы 4640 км². Бастауын Сауыр жотасының, солтүстігіндегі Шілікті аңғарындағы-бұлақтардан алып, Қабанбай ауылы тұсында Бұқтырма бөгеніне құяды. Аңғары кең

(0,5 – 3,0 км), арнасы тік жарлы. Жер асты, жауын-шашын суларымен толығады. Жылдық орташа су ағымы 5 – 6 м³/с. Өзен суымен 1,5 мың га егін суғарылып, 500 – 600 мың га шабындық суландырылады. Қандысу деп аталуы су ағынының жылдам, әрі қатты ағысы өзеннен өтпек болған аттылы адамның өзін ағызып әкетеді екен. Осы судан өтпек болған және суға түскен адамдар осы өзеннен ажал құшқан.) - деп аталатын өзен кезінде жеті тармаққа бөлініп аққан екен.. Аттылы адам көлденең жүріп өткенде жеті өзенді кесіп өтетін. Жері шұрайлы, шөбі шүйгін, малға, адамға жайлы болғандықтан, мұндағы әр өзеннің ортасында жеті елді мекендер қоныстанған. Осы елді мекендерде отырған жерді халық «аралға» балап, саны жетеу болғандықтан “Жетіарал” деп атаған екен. Әр өзеннің жеке өз атауы болған. Ал, жазушы, журналист, публицист, Қазақстанның мәдениет қайраткері ауылымыздың тумасы Құсман Игісін аға біздің ауылға былай деп анықтама береді: «Жетіарал-Тарбағатайдың теріскей бөктеріндегі елді мекен. Қандысу өзенінің оң жақ қапталында сол өзенге құятын, басы бұлақтардан бастаған жеті ағын қарасу бар. Олардың

арасы шөбі шүйгін, шұрайлы жайылым болып келеді. Жетіарал атануы да содан.

Қазақтың «Жетіарал-жерім-ай» атты халық әні шекара бойындағы халықтың аумалы-төкпелі замандарда екі елдің арасын жол қылғандығы сағынышынан осы Жетіаралға байланысты туған деп жазады. Жетіарал жер ұйығы, шет Ласты деп Тарбағатайдың ақиық ақыны Әрімжан Жанұзақұлы:

Атыңнан айналайын Жетіаралым,

Қандысу қасындағы жеті ағын.

Су ішкен тау тағысы ақ маралым,

Өзіңде қалған екен бар арманым, деп-жырға қосқан.

Көне көз қариялардың айтуы бойынша елді аласапыранға түсірген Голощекин ұйымдастырған колхоздастыру саясатынан жан сауғалап қашқандар осы өзендердің бойында биік әрі жуанданып өсіп жайқалып тұрған қалың қамысты басына пана, жанына сая тұтып паналаған екен. Кейін бастарына түскен қиындықтан құтылу үшін көрші мемлекетке үдере көшкен. Осыны сезген сұрқия заманның ығына жығылып бас ұрған шолақ белсенділер осында тығылған адамдарды ұстап қамауға алу мақсатында қалың қамысты аяусыз өртеген. Содан бастап бұл өзендердің сулары тартылып, қамыстары өспейтін болған. Бұл жерлер қазіргі уақытта жергілікті халықтың мал жайылымы мен шабындық орыны. Ауылымыздың солтүстік-шығысында ұзындығы 12 шақырым, ені 50 метр аумақты алып жатқан Бітібай тоғайын ауыл тұрғындары табиғаттың бізге тартқан сыйы деп біледі. Жоғарыда айтып өткен Қандысу өзенінен аққан су Жетіарал жеріне жеткендегі судың жайылған тұсынан сумен ағып келген ағаш ұрықтарынан ну тоғай пайда болған екен. Бұл туралы ауыл тұрғыны Абай Долданов атамыз: «Бітібай тоғайының орынында Жетіарал ауылына көршілес Ақжар ауылына қарасты Андреев фермасының сиыр қыстауы болған. Осы жерде Бітібай деген ақсақал мал жайған. Тоғай 1960 жылдардан бастап өскен. Оның өсуіне бірден-бір себепкер болған табиғат ананың өзі» -дейді. Қандысу өзені көктемде буырқанып тасығанда өзеннің жоғарғы жағындағы Сеңгір тоғайынан(1729 жылы Бөгенбай батыр бастаған қазақ жасағы осы өңірден жоңғарларды қуып шегіндіріп өкшелеп келе жатқанда өзен бойындағы сыңсып тұрған ну тоғайға кезігеді. Ағаштар арасында тығылған жау бар ма деп сескеніп, қауіптенген жауынгерлер бір-біріне сен кір, сен кір деп айтқан екен. Осылайша бұл тоғай Сеңгір деп аталып кеткен .) тал ұрықтары ағып келіп, ну ағашқа айналған.

Осы ағаштарды Бітібай ақсақал қорып мал түсірмеген. Осы адамның табиғатқа деген сүйіспеншілігін құрметтеген ауыл халқы тоғайды ардақты ақсақалдың есімімен атайды. Бітібай ақсақал елімізге танымал, СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Құрмет орденінің иегері, 23-кітаптың, 70-ғылыми-әдістемелік мақалалардың авторы, қазақтың хан апасы атанған Қанипа Бітібаеваның туған атасы. Бітібай ақсақал тоғайды баптап қорғап аяласа, Қанипа апай өмірінің сонына дейін көптеген шәкірттерді білім нәрімен сусындатты.

Өткенге көз жүгіртсек 1914-1915 жылдары Сайболат руынан шыққан Құрманқажы деген адам

Зайсанға келген ХХ ғасырдың басындағы ағартушы демократ ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровты ертіп әкеліп ауылдың оңтүстігінде орналасқан Қамысты елді мекенінің Прәмилә (алғаш болыстарды біріктіріп бір жерден басқару орнын ұйымдастырамыз, орысша управление жасаймыз деген себепті атаған) деп аталатын жерде мектеп ашып бала оқытқызады. Ол кезде Тарбағатай аймағы Терісайрық болысының қарамағына кірген. Бұл жөнінде Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың Тарбағатай өлкесіне сапары атты мақаласында Заңғар Кәрімхан: «Сұлтанмахмұт 1915 жылдың көктемінде Зайсан, Тарбағатай аймақтарына келіп, байжігіттер мекендейтін Терісайрық болысы балаларына білім беру ісімен айналысқан. Терісайрықтың жері бұрынғы Ақсуат және Тарбағатай аудандарының бірігуінен құрылған бүгінгі Тарбағатайға кіреді. Сұлтанмахмұт Тарбағатай елінде жүргенде Алаштың көрнекті қайраткерлері Ақсуаттан шыққан Бияхмет Сарсеновпен, Ережеп Итбаевпен және тағы да басқа ел азаматтарымен танысып, етене жақын болады. Сонымен қатар асқан шежіреші ескіден мол хабары бар Құрбан қажымен де танысады. Құрбан қажының ауылында Махмұт 1914-1916 жылдары бала оқытқан. Тарбағатай еліндегі Қамысты, Маңырақ, Бозша, арғы бетке тиіп тұрған Қызылащы елді мекендерінде сабақ берген оның осы өңірдің рухани, ағарту ісіндегі еңбегі орасан зор»- деп жазады.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтан тәлім алып білімін шындаған ауылымыздың тумасы Шомбин Смағзам атамыз ұзақ жылдар ұстаздық қызмет атқарып ауданымыздағы тұңғыш Ленин орденінің иегері атанған.

1919 жылдың қараша айының аяғында қазіргі Тарбағатай ауданының барлық елді мекендерінде Совет өкіметі орнады. Ол кезде аудан Зайсан уезіне қарайтын.

1928 жылы Зайсан уезінен бөлініп Тарбағатай ауданы болып құрылды. Шаруашылықтар ол кезде жекелеген ұсақ-ұсақ мойынсеріктерден тұрды. Қазіргі Жетіарал ауылы тұсында Жетіарал мойынсерігі жұмыс істеді. 1932-34 жылдары шағын мойынсеріктер іріленіп колхоздарға бірікті. 1934 жылы Жетіарал колхозы Голощекин ауылдық кеңесіне қараған. Кейіннен оған қоныстанған халық саны көбейіп, колхоздар бірігіп, іріленген шаруашылық енді Терісайырық колхозы деп аталады. 1957 жылы қаңтар айында Терісайырық колхозы Ақжар совхозына қосылады. 1959 жылы Ақжар совхозынан бөлініп Ласты совхозы деп аталды. 1960 жылы Тарбағатай өңіріне Сәбит Мұқанов бастаған бір топ жазушылар шоғыры келіп елді мекендерді аралап халықпен жүздеседі. Осындай кездесулер кезінде ауылымызға келген жазушы Қандысу өзенінің суының осы жерге келгенде жан-жаққа бөлініп тармақталып ағатының ауылдан шыға бере бір арнаға түсетіндігін байқап өзен суымен ұласып жатқан тамаша жер екен Ласты емес Ұласты деп атауға лайықты екен деген пікірін жоғары жақтағыларда қолдап Ласты совхозы Ұласты деген жаңа атауға ие болды. Еліміз егемендігін алғаннан кейін, елді мекендердің бұрынғы атауларының қайтарылуына байланысты 1990 жылы ауыл тұрғындарының қалауымен Жетіарал деп аталды.

Қорытынды: Біз өз жұмысымызда ауылымыздың өткеніне қысқаша шолу жасадық. Ауылымыздың көнекөз қарияларынан мәлімет жинап, ауылымыз

жайлы жарияланған мақалалар мен баспа беттеріне шыққан материалдарды қарастырдық. Тарбағатай тауының сілемінде орналасқан ауылдық округке қарасты Асусай, Қамысты елді мекендері жайлы да мәліметтер жинап жүйелеп жатырмыз. Тау қойнауында орналасқан жайлаудағы қыстаулардың атауларының шығу тарихы мен Асусай елді мекенінен таяуда табылған тасқа қашалған петроглифтер жайлы деректер жинаудамыз. Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы: Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі деген сөзін әр уақытта жадымыздан шығармауымыз қажет. Өзіміз тұрып жатқан атамекеніміздің шығу тарихын білу біздердің болашақ ұрпақтың міндеті. Өйткені біздің тұрып жатқан ауылымыз тарихи өлке-тұнған шежіре десек артық айтқандық емес.

ШҚО Тарбағатай ауданы Жетіарал ауылы
«Жетіарал мектеп-балабақшасы»кешені»КММ
8 сынып оқушысы: Дәулетхан Елдана
Жетекшісі: Л.Нурханова